«Тоғызқұмалақ»

Пәні: Математика

Мақсаты:

Оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық сауаттылығын, инженерлік құрастыру дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды STEM білім беру бағытымен ұштастыра отырып, практикалық дағдыларын қалыптастыру

.**Міндеттері:**

1. Тоғызқұмалақ ойынының құрылымы мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
2. Өлшеу, сызу және құрастыру дағдыларын дамыту;
3. Пластилиннен құмалақтар жасау арқылы ұсақ мотериканы жетілдіру;
4. Топтық жұмыс жасау және өзара ынтымақтастыққа тәрбиелеу;
5. Ұлттық құндылықтарға қызығушылықты арттыру және ұлттық ойындарды STEM бағытымен кіріктіру арқылы оқушылардың заманауи білім мен практикалық дағдыларын қалыптастыру

Қажетті құралдар:

Қатты картон, сызғыш, қарындаш, маркерлер, қайшы, желім, түрлі түсті пластилин, тапсырма парағы.

Ойын барысы

Мұғалім оқушыларға тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихы мен негізгі ерекшеліктері туралы мәлімет береді. Оқушылар қатты картонға тоғызқұмалақ тақтасының үлгісін сызып, отаулар мен қазандарды белгілейді. Кейін тақтаны ұлттық ою-өрнектермен безендіреді. Оқушылар түрлі түсті пластилиннен кішкентай домалақ құмалақтар жасап, дайын тақтаға орналастырады. Тапсырманы орындау барысында топ мүшелері бір-бірімен пікір алмасып, ұлттық ойынның маңызын талқылайды.

Мұғалімнің іс-әрекеті

Мұғалім тапсырманың мақсаты мен орындалу ретін түсіндіреді, қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалайды және оқушыларға қажетті бағыт-бағдар береді. Өлшеу, сызу және пластилинмен жұмыс жасау барысында көмек көрсетеді. Оқушылардың логикалық және математикалық ойлауын дамыту

мақсатында сұрақтар қойып, топтық жұмысты ұйымдастырады. Тапсырма соңында кері байланыс жүргізіп, оқушылардың жұмыстарын бағалайды.

Оқушының іс-әрекеті

Оқушылар сызғыштың көмегімен тоғызқұмалақ тақтасын өз қолдарымен сызып, қатты картонға құрастырады. Тақтаны ұлттық оюлармен безендіріп, түрлі түсті пластилиннен құмалақтар жасайды. Дайын құмалақтарды отауларға орналастырып, тапсырмаларды орындайды. Топпен бірлесіп жұмыс жасап, өз ойларын дәлелдеп, жұмыстарын қорғайды.

Қорытынды

«Қазақ ұлттық ойындарын құрастыру: Тоғызқұмалақ» ұлттық STEM тапсырмасы оқушылардың математикалық және логикалық ойлау қабілеттерін, инженерлік құрастыру және шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Практикалық жұмыс барысында пластилиннен құмалақтар жасап, ойын тақтасын құрастыру арқылы ұсақ моторикасы, қол еңбегі және модельдеу дағдылары қалыптасады.









Сонымен қатар, ұлттық ойынды STEM білім беру мазмұнымен ұштастыру оқушылардың қазақ халқының мәдени мұрасына деген қызығушылығы мен құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды бағалай білуіне мүмкіндік береді.